

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### ЕАЭО елдерінің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің күшіне енуі туралы

«БЖЗК» АҚ Еуразиялық экономикалық комиссиясының 2019 жылдың 20 желтоқсанында Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) мемлекеттерімен бірлесіп әзірлеген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің 2021 жылдың 01 қаңтарынан бастап күшіне енгенін хабарлайды.

Бұл Келісімнің негізгі мақсаты – еңбекшілердің зейнетақы құқықтарын жұмысқа орналасқан мемлекеттің азаматтары сияқты жағдайларда қалыптастыру, сақтау және іске асыру.

Келісімге сәйкес еңбекшілер болып ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттің аумағында еңбек немесе өзге де қызметті жүзеге асыру арқылы зейнетақы құқықтары қалыптастырылатын не қалыптастырылған Қазақстан, Ресей Федерациясы, Қырғызстан, Армения және Беларусь елдерінің азаматтары есептеледі.

Келісім Одақтың бір елінен екінші еліне зейнетақыны экспорттау тәртібі мен тетігін айқындап, зейнетақы алу құқығын анықтау үшін ЕАЭО мемлекеттеріндегі жұмыс өтілін жинақтауды көздейді.

Сонымен бірге еңбекшіні медициналық куәландыру, оның ішінде мүгедектігі бойынша зейнетақы тағайындау барысында сырттай медициналық куәландыру мәселесі реттелді. Сондай-ақ, Келісім күшіне енгенге дейін және одан кейінгі жұмыс кезеңдері үшін зейнетақы тағайындау мен төлеу тәртібін айқындайтын өтпелі ережелер бекітілді.

ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекеттің еңбек етушіге зейнетақының жұмыс кезеңінде және жұмысқа орналасқан елдегі зейнетақы жарналарының аударымдарына барабар бөлігін төлейтінін ескере отырып, 01.01.2021ж. бастап еңбекшілер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерде жұмыс берушілермен еңбек қатынастарын ресми ресімдеулері, яғни міндетті түрде еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарттарды уақытылы жасасулары қажет.

Бұл ретте Келісімге сәйкес жинақтаушы зейнетақыны, сондай-ақ, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша еңбек (сақтандыру) зейнетақыларын қоспағанда, зейнетақы алу құқығы еңбеккердің мүше мемлекеттің аумағында жинаған кемінде толық 12 ай жұмыс өтілі болған кезде (Келісім күшіне енгеннен кейін), сол мемлекеттің заңнамасына сәйкес туындайтынын атап өткен жөн.

Қазақстанда Келісімді іске асыру жөніндегі құзыретті орган БЖЗК болып табылады. Соған сәйкес Қорға еңбекшілер қажетті кеңес алу үшін, ал кейіннен құқықтарын қалыптастыру кезінде - өздері еңбек қызметін жүзеге асырған және жұмыс істеген кезеңдері үшін зейнетақы алу құқығына ие болған мүше мемлекеттердің құзыретті органдарына жіберу үшін құжаттармен жүгіне алады.

Қазақстанда Келісім еңбекшілердің БЖЗК-ға зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі құқықтық қатынастарына қолданылады және тиісінше, ЕАЭО елдерінің еңбекшілері БЖЗК-ға зейнетақы жинақтарын қалыптастырған жағдайда, еңбекшілердің оларды алу құқығы Қазақстан заңнамасына сәйкес туындайды:

- зейнеткерлік жасқа жеткен кезде;
- егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, 1 және 2-топтағы мүгедектік белгіленген кезде,
- ал БЖЗК-да зейнетақы жинақтары бар ЕАЭО елінің азаматы - еңбек етуші қайтыс болған жағдайда, оны біржолғы алу құқығы БЖЗК-ға Қазақстанның заңнамасында айқындалған құқық белгілейтін құжаттар ұсынған кезде оның мұрагерлеріне көшеді.

ЕАЭО-ның біріктірілген ақпараттық жүйесі арқылы өзара цифрлық іс-қимылға көшкенге дейін Тараптар қағаз құжат айналымын пайдаланатын болады.

Келісімнің толық мәтінімен Еуразиялық экономикалық комиссияның сайтында [https://docs.eaeunion.org/docs/ru-ru/01424533/itia\\_13012020](https://docs.eaeunion.org/docs/ru-ru/01424533/itia_13012020) сілтемесі бойынша таныса аласыз.

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы

*БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*